



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

кіреміз. Одан құтылудың ылажы жоқ. О дүниедегі азаптан құтқаратын жалғыз шамшырақ – иманды болу.

Қасиетті Құранда Алла Тағала бүкіл адамзат баласына бір-бірін қадірлеуге, құрметтеуге бұйырған. Мүбәрак Құранның адамгершілік қағидалары халықаралық қауымдыстықтың қауіпсіздігін нығайтуға қосар үлесі шексіз. Ислам бейбіт өмір сүруге, адамдарды өзгенің ала жібін аттамауға шақырады. Барлығы өз қолымызда Алыстан іздеудің керегі жоқ. Бәрі де қасиетті Құранда жазып көрсеткен. Төлеби бабамыз айтқандай: «Нәрестенің бесігі - кең дүниенің есігі». Саналы білімді адам ақиқатты саралап ала алады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мұзафар Әлімбаев. Иmandылық – ізгілік пенділік. //Ақиқат.1995.№3.86 б.
2. <https://newtimes.kz/obshchestvo/43307-imandyly-k-lli-t-rbieni-atasy>
3. <http://kazislam.kz/maqalalar/item/532-eislam>
4. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6
5. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
6. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. ISBN 9965-822-10-7

УДК 316.6

### **ТІЛДІК ҚАТЫНАС ПЕН ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ**

**Рахман Жанерке Берікқызы**

[zhanerkerakhman@gmail.org](mailto:zhanerkerakhman@gmail.org)

[janerke\\_ktl@bk.ru](mailto:janerke_ktl@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің, Әлеуметтік ғылымдар факультеті,  
Психология – 21 тобының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г. Айқынбаева

Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналады. Тіл – қоғамның ең қажетті қатынас құралы. Сондықтан қоғамды дамытудың басты ұстанымы – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту. Адам ойының жемісі, тіршілігінің көзі болып табылар бұл ерекшелік бүгінгі тіл білімінің де, әдістеме ілімінің де басты мәселелерін құрайды. Осыған орай тілді тек құрылымдық негізде ғана емес, әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан талдап түсіндіру қажет.

Тілді әлеуметтік проблемалар қатарында әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру, оның қоғамдағы орны мен қызметін анықтау бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі болып саналады.

Бүгінгі күні біздің елімізде тілдердің үш тұғырлығы деген жаңа термин де пайда болды. Әлемдік өркениетке қадам басу үшін қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де жетік білуді талап етуде. Әрине, әлемдік даму үрдістерінен кейін қалып қоюға болмайды. Тіл тек қоғам бар жерде және оның тікелей ықпал етуімен дамып отыратындықтан, қоғамдық нормалар және қалыптасқан ережелер тілді өркендетуші әрі жүйелеуші қызмет атқарары даусыз. Тіл үйрену мәселесі де қоғамдық қажеттіліктен туындайды.

«Қазіргі кезеңде халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді».

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген. Ата заңымызда әлемдік тілдердің кез келгенін оқып – үйренуге, тануға ерік берілген. Мемлекетіміздің саяси, экономикалық, мәдени байланыстары бірнеше тілде білім алуды қажет етеді. Әлемдегі саяси-әлеуметтік мәселелерден тыс қалмаудың бірден бір жолы – ақпарат алмасу. Сондықтан тіл білу арқылы адамдар дүние жүзіндегі қоғамдық, экономикалық, саяси жаңалықтармен, ақпараттармен хабардар болады. Тілді меңгеру оның қоғамдық табиғатын, өмірлік қажеттілігін ескеруден басталады. А.Байтұрсынұлы айтқандай, «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры».

Ой тіл арқылы ғана жарық көріп, тіл арасындағы түрлі деңгейдегі қатынастарды реттеп отырады. Ұлттық ойлаудың, ұлттық дүниетанымның өзіне ғана тән ерекшелігін, нақтырақ айтқанда, әр ұлттың өз дәстүрі мен салты, әдет-ғұрпы, ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері және т.б. осы сияқты қалыптасқан жүйесі тек тіл арқылы көрініс табады.

Тіл – адамзат дамуының көрсеткіші. Алайда кейде сол даму құралының күшін толық пайдалана алмайсыз немесе оның ықпалын түсіне бермейміз. Тіл – басқарудың ең көркем және мінсіз құралы, әрине, тиімді қолдана білсе.

Әлеуметтік психология саласында да тіл арқылы жеткізілетін сөздер ауыз толтырып айтар маңызға ие. Кез келген тілді біз, әдетте, ауызекі сөйлеу тілі, көне тіл, жалпыхалықтық тіл және т.б. түрлерге бөлеміз. Мұндағы мақсатымыз – тілдің жалпы қолданыс аясын айқындау, өмірдегі нақтылы жүйесін белгілеу.

Сөздің қоғамға көрсетер ықпалын бір ғана қарапайым мысалмен түсіндіруге тырысып көрейік. Алдымен төмендегі ең бір қарапайым, алайда бізді көп толғандыра бермейтін сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Бір сәт болсын ойланып көрдіңіздер ме: Этика ережелері не үшін жасалған? Неге Еуропалық және Азиялық әдеп заңдары арасында ауыз толтыртар айырмашылықтар бар?

Егер екеуін салыстыра қарайтын болсақ, төмендегі нәтижені көреміз: Еуропалықтардың барлық әдеп ережелері келесі бір тұлғаны өзінен алыстатуға арналған. Тіпті, тамақтану барысында олар келесі бір тұлғаның өзіне тиесілі зонадан шықпауын қалайды. Көліктерге мінгенде, егер жолаушылардың саны артып, өзіне сәл жақындайтынын білсе, түсіп кетуге асық болады. Барлық мәселе, халықтың тілінде жатыр. Ағылшын тілінде «СЕН» (you) сөзінің сыпайы түрі жоқ. Ал қазақ тілінде «Сіз» деген сыпайы түрі бар. Кейбір жағдайларда сыпайы «Сіз» деген сөз адамдар арасына автоматты түрде барьер немесе шекара қойып тастайды. Олар «Сіз» деп тұрған адамына артық нәрсе айта алмайды. «Сізден» аса алмайды. Нәтижесінде, оның жеке кеңістігіне кіре алмайды, ал «Сіз» деген сайын ол барьер үлкейе береді.

Ал ағылшындарда осы бір керемет сыпайы форманың жоқ болуы әсерінен, олардың жеке кеңістіктері ешқашан толыққанды шекаралы болмайды. Сол барьер қалыптастыру мақсатында олар ресми және бейресми форманы қолданады, әдептің өзін ережемен шектеп тастаған.

Күнделікті өмірде ресми түрде жақындығы аз адамдармен сөйлеседі. Ал, қазақтарда бұндай жағдайларға сай «Сіз» бар. Қорытынды : ағылшындар тілінде барьер жоқ, демек тұлғаның жеке кеңістігін құруда кедергі жоқ, олардың мақсаты – өздерін тұлға ретінде комфортты сезіну үшін, оны қалыптастыру. Мінекей, осындай дүниелерді біз «сөз құдіреті» деп атаймыз.

Қазіргі таңда жаңғыру үдерісі сөздердің дұрыс қолданылуымен жүзеге асады. Бұл дегеніміз аталмыш үдерістегі басты фигуралар – тіл мамандары, тарихшылар, философтар, әлеуметтік психологтар және журналисттер. Егер, тұтас бір мемлекет, тұтас бір ұлт бір ағымда жүзсін десек, ағымды ұлт мүддесі ыңғайына қарай жасап, барлық талап етілетін

міндеттерді астыртын жүргізуіміз керек. Көп жағдайда, егер, талап етілетін нәрселердің атын атап, түсін түстесе, оны қоғам «бізге міндеттеп жатыр» деп түсініп, жасамауға тырысады. Мысалға: егер әрбір сенбі күні оқушыларға қосымша 2 сағат бөліп, «бұл – біліктілікті арттыру сағаттары: осы уақыт аралығында барлықтарың қалып, мұғалімдерден түсінбегендеріңді сұраңдар» десе, оны оқушылар жасамайды. Себебі, біріншіден – негізгі сабақ уақытынан тыс; екіншіден – бұл олардың бұйрық рай етістігі арқылы талап етіліп, міндеттелуде. Ал, егер арнайы үздіктер тобын құрып, бұл 2 сағатты олардың арнайы оқу бағдарламасына енгізсе және олардан белгілі бір деңгейде үлгі болар «элита» жасаса, қалғандары солардың жетістігін көріп, өздері соған ұмтыла бастайды. Бұл үдерісте ең маңызды нүктелер - сөздер және «танымалдар».

Қоғам сөздер арқылы басқарылады. Осы орайда, француз заңгері және әлеуметтанушысы Г.Тард, француз әлеуметтанушысы Г.Лебонның «тобыр психологиясы» және ағылшын психологы У.Макдаугаллдың «инстинк теориясы» жайында сөз қозғасақ. Г.Тардтың зерттеулері тобыр психологиясының негізі – еліктеу деген пікірде, Г.Лебонның пайымдауынша, тобырдың қозғаушы күші – психологиялық жайылу, Г.Макдаугалл екеуіне де қарсы шығып, қозғаушы күшті инстинктер деп таныды.

Г.Тардтың айтуынша, тұлға топқа келгенде, олардың арасында өзара ықпал туындайды. Бір-біріне еліктеп, сол қоғамның танымал талаптарына сай болуға тырысады. Г.Лебон бойынша, тобыр бөлігі болған адамдар ешқашан саналы түрде әрекеттер жасамайды, интеллектуалды «шынжырда» отырғандай болады, тобыр ішінде адамдарда «деиндивидуализация құбылысы» орын алып, тиісінше ұжымдық әрекеттер пайда болады. Яғни, тұлға қажеттіліктері азайып, ұжым мүддесі бірінші орынға шығарылады. Тобырды тек танымалдар басқара алады.

Ал, Макдаугалл бойынша, инстинктер мен ұмтылыстар ғана қоғамды алға жылжыта алады. Енді, оны дәл біздің жағдайымызға қарай талдап көрейік, сонда ғана сана жаңғыру процесінің барысын түсіне аламыз. Кез-келген адамды «бірінші боламын» деген инстинктер жетелейді, ол « бірінші болу тіршілік ету мүмкіндігін арттырады» деген түсінікпен түсіндіріледі. Адамның қоғамның ажырамас бөлігі екенін ескерсек, ол сол қоғамда бірінші болуға ұмтылады. Ал сондай, ұмтылысы айқын көрінетіндер «танымалдар» тобын түзеді. Қоғам мүшелері өздері танымал қылған тұлғаларға белгілі бір деңгейде еліктейді, тиісінше оларда дәл сол деңгейдегідей ықпал болады. Көп жағдайда ұжымдық жұмыс кезінде, ұмтылысы төмендер ұмтылысы жоғары «танымалдардың» мүддесін өздері де білмей қорғап жатады. Міне, танымалдар тобы бізге қаншалықты дәрежеде қажет. Яғни, біз белгілі бір өзімізге ұнамды нәтижені алу үшін, біздің жағдайымызда, ол – саналық жаңғыру, танымалдарға сөз құралы көмегімен ол ойдың үгіт-насихат жүргізуіміз керек. Яғни, егер ол идея ұмтылысы айқын тұлғалардың қолдауына ие болса, масс медиада күнделікті көз алдымызда болады, кейіннен оны кішігірім топ «танымалдары» әрі қарай өрбітеді, тиісінше, ол идея немесе мақсат күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналып, норма күйіне түседі, ал норма ретінде қабылданатын дүниелерді көпшілік қолдайды.

Тіл-қай елде болмасын қастерлі, құдіретті рухани, әрі тарихи құндылық. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл-өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат екені анық.

Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, салт-дәстүрдің одан әрі дамуы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың ұлы жемісі- ана тілі. Тас бұлақтың тұнығы да сенде, ана сүтінің жұғымы да сенде, райхан гүлдің жұпары да сенде, назды сұлудың нәзіктігі де сенде, сахара даланың жазықтығы да сенде қасиетті қазақ тілім деп түйіндеуге болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. 2006. 25 қазан.

2. Социальная психология : Учеб.для студ.высш.учеб.заведений. – М.:Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 448 с.
3. Социальная психология : Учебник для высших учебных заведений / Г.М.Андреева. – 5-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2005. – 363с.
4. 100 оқулық: қазақы тіл сақталып, мазмұн өзгермесе // Сыр бойы газеті. 13 наурыз, 2018ж.

УДК 94.24

## **ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ**

**Рахманқұл Нұрбек Рахманқұлұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
элеуметтану мамандығының 4-курс студенті

**Байғабылов Нұрлан Оралбайұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
PhD, доцент м.а.

Қазіргі таңда Қазақстанды 67%-дан астам қазақ халқы мекендесе, алыс жақын шет елдерде бірнеше миллионнан астам қазақ диаспорасы бар. Мысалы: Қазақтар саны Өзбекстанда – 2 млн., Қытайда – 2 млн., Ресейде – 2 млн. Шыққан тегі мен ұлттық санасына қарағанда, әлемдегі барлық қазақтар саны 15 миллиондай. Осы себепті де қазақ ұлты келешегі мол, ірі ұлттар қатарына жатады.

Қарап отырсақ, кейбір қазақ диаспоралары шарықтаған нарық экономикасы мен азаматтық қоғам орнаған елдерде ғұмыр кешуде (АҚШ, Франция, Англия, Алмания, Швеция,Түркия және т.б.), ал қалған бөлігі қазіргі экономикалық-әлеуметтік және саяси реформалар жүріп жатқан дамушы елдерде өмір сүруде (Қытай, Ресей және т.б.). Осыған орай шеттегі қазақ диаспорасының бай нарықтық тәжірибесі осыған сәйкес ділі мен санасындағы құндылықтық басымдықтар біз үшін өте пайдалы және құнды.

Қытайдағы, Моңғолиядағы, Өзбекстандағы, Ресейдегі қазақтар өзінің ата-жұртында өмір сүруде, ал қалған қазақ диаспоралары әртүрлі жағдайларға байланысты кезінде қоныс аударуға мәжбүр болғандар. [2]

Қазақтардың Түркияға қоныстануы 1952 жылы басталған. Ол туралы мәліметтерде, Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Алтай округінен («алтай қазақтары») көшіп барғандығы айтылады. Ал, 20 ғасырдың 80-ші жылдары Ауғанстан мен Ирандағы қазақ диаспорасы босқын ретінде көшкен. Бұл туралы белгілі түркітанушы маман Әбдіуақап Қара мына деректерді келтіреді: «Қазақтар Түркияға Үндістан-Пәкістан арқылы келген болатын. Олар Түрік үкіметінің 1952 жылы 13 наурыздағы қаулысы бойынша Түрік еліне қабылданды. Осыдан кейін алдына 12 жыл, артына 2 жыл болған Үндістан мен Пәкістандағы екі мыңға жуық қазақ Түркияға қоныс аудара бастады. Сөйтіп қазақтың алғашқы тобы болып Құсайын Тәйжі бастаған қазақтар 1952 жылдың қыркүйек айында түрік еліне қадам басты. Көш 1953-1954 жылдарға дейін жалғасты. Үндістандағы соңғы топ ретінде Қалибек Әкім бастаған қазақтар 1954 жылдың көктемінде Түркияға келді. Сонымен 1952 жылдың қыркүйегі мен 1954 жылдың мамыры арасында Үндістан мен Пәкістанда өмір сүрген 1850 қазақтың барлығы Түркияға қоныс аударды.»

Алғаш барғанда қазақтар жаңа жерде барынша бір аймақта шоғырлануға тырысты. Нәтижесінде, Стамбұлдың бір ауданы «Қазкент» деп аталды, қазір ол «Гюнешли» түрік тілінен аударғанда «күн сәулелі» деп аталады. Олардың біркелкі орналасуы ана тілін, салт-дәстүрін сақтап қалуға, өзара қарым-қатынастың үзілмеуіне себепші болды.

Ұлы көште Түркияға көшіп барған қандасымыз Мансұр Тәйжімен болған сұхбатымызда, ұлы көшті былай сипаттады: «Түркияға көшін бастап келген кісілердің бірі – Құсайын Тәйжі. Ол елге басшы болған әкесінің өсиетімен, басшылықты мойнына алды. 1949 жылдары